

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 маусымдағы N 876 қаулысына өзгертулер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 851 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996, N 12, 86-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 8 шілдедегі

N 851 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. "Қазақ ССР Ғылым академиясының Уставы туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 6 желтоқсандағы N 548 қаулысы (Қаз. ССР-нің ҚЖ, 1978 ж., N 1, 3-бап).

2. "Қазақ ССР Ғылым академиясының Уставына өзгерістер енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 26 мамырдағы N 217 қаулысы (Қаз. ССР-нің ҚЖ, 1980 ж., N 11, 34-бап).

3. "Қазақ ССР Ғылым академиясының Уставына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 2 наурыздағы N 80 қаулысы (Қаз. ССР-нің ҚЖ, 1989 ж., N 9, 39-бап).

4. "Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының құқығын кеңейту туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 маусымдағы N 352 қаулысы.

5. Қазақ ССР Премьер-Министрінің 1991 жылғы 11 қазандағы N 164 өкімі.

6. "Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академиктер және мүше-корреспонденттер саны туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 31 қазандағы N 657 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен қазақ ауыл шаруашылық ғылыми академиясының толық мүшесі және корреспондент-мүшесі атақтары үшін төленетін ақының мөлшерін көбейту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 сәуірдегі N 276 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 11, 138-бап).

8. "Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 маусымдағы N 717 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 27, 293-бап).

9. "Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы орталық аппаратының қызметкерлері мен Төралқасының санын ұлғайту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 сәуірдегі N 462 қаулысы.